QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №34 (2036) 14 ҚЫРКҮЙЕК 2026 ЖЫЛ

Ғылыми қызметті цифрландыру талқыланды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ғылыми кеңес отырысы өтіп, 2026-2027 оқу жылына арналған стратегиялық басымдықтар, қабылдау науқанының қорытындылары және жаңа KPI көрсеткіштері бекітілді.

Жиында университет басшылығы мен проректорлар алдағы кезеңнің негізгі бағыттарын таныстырып, ғылыми қызметті цифрландыру, коммерцияландыру және білім беру сапасын арттыру мәселелерін талқылады.

Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Марғұлан Ибраимов 2025-2026 оқу жылындағы ғылыми жұмыстың негізгі нәтижелерін қорытындылап, алдағы кезеңнің басымдықтарына тоқталды. Өткен оқу жылында ғылыми қызметті жүйелеуге, зерттеулер мен жарияланымдардың сапасын арттыруға, ғылыми кадрларды даярлауды жетілдіруге, ғылыми процестерді цифрландыруға және зерттеу инфрақұрылымын тиімді пайдалануға басымдық берілді.

Маңызды нәтижелердің бірі – ғылыми жобалар аясындағы тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға арналған арнайы цифрлық платформаның іске қосылуы. Баспа қызметін цифрландыру жұмыстары да жалғасын тапты. ҚазҰУ-дың ғылыми журналдары OJS платформасының жаңартылған нұсқасына көшіріліп, редакциялық процестер жетілдірілді, журналдардың тұрақты жұмысы мен мобильді қолжетімділігі артты, DOI және Crossref жүйелерімен жұмыс оңтайландырылды. Марғұлан Ибраимов ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру мен индустриялық серіктестермен ынтымақтастықты кеңейтуді ғылыми саясаттың маңызды бағыттарының бірі ретінде атап өтті.

Жалғасы 2-бетте

Бірлескен жұмыстың мүмкіндіктері сараланды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Чех Республикасының қоршаған орта министрінің орынбасары Мартин Вайсспен кездесті.



Жиынға Чех Республикасының Қоршаған орта министрлігі мен Өнеркәсіп және сауда министрлігінің өкілдері, Т.Г.Масарик атындағы Су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының және Прагадағы Чехия жаратылыстану ғылымдары университетінің ғалымдары, сондай-ақ ҚазҰУ факультеттері мен құрылымдық бөлімшелерінің басшылары қатысты.

Кездесуде қоршаған ортаны қорғау, су ресурстарын басқару, климаттың өзгеруіне қатысты зерттеулер, орнықты даму және экологиялық модельдеу салаларындағы бірлескен жұмыстың мүмкіндіктері сөз болды. Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану салаларында пәнаралық зерттеулер жүргізуге мол ғылыми әрі кадрлық әлеуеті бар екенін алға тартты.

Мартин Вайсс Чехия тарапының ҚазҰУ-мен серіктестікті одан әрі дамытуға қызығушылық танытып отырғанын жеткізді. Ол су қауіпсіздігі, климаттың өзгеруіне бейімделу, су сапасын бақылау және экожүйелерді сақтау мәселелері бойынша бірлескен зерттеулердің өзектілігіне назар аударды.

Ынтымақтастықтың жаңа бағыты

Білім және ғылым, кадр даярлау мен академиялық алмасу бойынша ынтымақтастықтың жаңа бағыты Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың Қытай Коммунистік партиясы университеттік партия комитетінің хатшысы, Кеңес төрағасы Сян Чанлэ бастаған Далянь технологиялық университетінің делегациясымен кездесуінде талқыланды.



«Біз Қазақстанның қарқынды дамып жатқанын және Орталық Азия өңірінде көш бастап тұрғанын көріп отырмыз», – деді Сян Чанлэ.

Өз кезегінде Жансейіт Түймебаев қосдипломды білім беру бағдарламалары бойынша әріптестікті дамытуды ұсынды.

«Біздің мақсатымыз – екі елдің дамуына қажетті, сұранысқа ие жоғары білікті мамандар даярлау. Бірлескен жұмыс жаңа бағыттарды дамытуға және ынтымақтастығымызды нығайтуға мүмкіндік беретініне сенімдімін», – деді университет басшысы.

Келіссөз қорытындысы бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Далянь технологиялық университеті ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ


2-бет **Зерттеу орталықтарымен танысты**



3-бет Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ: **Түркі дүниесінің интеллектуалдық мақтанышы**



7-бет **Обладатель 26 патентов и авторских свидетельств**



Ғылыми қызметті цифрландыру талқыланды

Басы 1-бетте

Ғылыми кеңесте қабылдау комиссиясының жұмысы да қорытындыланды. Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Алина Галеева биыл ҚазҰУ-ға 7865 адам қабылданғанын жеткізді. Оның ішінде 1167 адам магистратураға, 462 адам докторантураға, 6236 талапкер бакалавриатқа түсті. Бакалавриатқа қабылданғандардың 3019-ы мемлекеттік білім беру грантына, 3217-сі ақылы негізде оқуға қабылданды. Осылайша ҚазҰУ тарихында алғаш рет ақылы негізде қабылданған студенттер саны грант иегерлерінен асып отыр.

Бірінші курс студенттерінің қатарында «Алтын белгі» иегерлерінің саны – 674. ҰБТ-дан 130 және одан жоғары балл жинаған 84 талапкер университет студенті атанды. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 86,7 пайызға өскен. Сонымен қатар ҚазҰУ студенттері қатарына жоғары спорттық жетістіктері бар 46 талапкер қосылды.

Отырыста 2026 жылы мемлекеттік білім беру гранттарының білім беру бағыттары бойынша бөлінуі де таныстырылды. Гранттардың ең көп бөлігі инженерлік және құрылыс бағыттарына – 18 582 грант (27,8 пайыз), педагогикалық ғылымдарға – 14 004 (21 пайыз), ақпараттық-коммуникациялық технологияларға – 10 838 (16,2 пайыз) және жаратылыстану ғылымдарына – 9692 (14,5 пайыз) бөлінген. Жаңа оқу жылында білім алушылар құрамының сапасына, студенттердің академиялық үлгеріміне, білім беру бағдарламаларын жетілдіруге және олардың кәсіби дамуына жағдай жасауға баса назар аударылады.

2026-2027 оқу жылына арналған индикативтік жоспар




мен KPI көрсеткіштері де қаралды. Стратегиялық даму орталығының директоры Жандос Байжұма негізгі нысаналы көрсеткіштер мен оларды іске асыру тәсілдерін таныстырды. KPI жүйесі университеттің стратегиялық мақсаттарын құрылымдық бөлімшелердің нақты нәтижелерімен байланыстыруға бағытталған. Басымдықтар қатарында білім мен ғылым сапасы, жариялану мдық және инновациялық белсенділік, халықаралық ынтымақтастық, адами капиталды дамыту, ресурстарды тиімді басқару және ҚазҰУ-дың ұлттық әрі халықаралық рейтингтердегі позициясын нығайту бар.

Индикативтік жоспардың басты жаңалығы – факультет деканд ары мен кафедра меңгерушілеріне арналған жеке KPI карталарының енгізілуі. Оқытушылар мен зерттеушілердің қызметін бағалауда жариялану мдардың сапасына, халықаралық ынтымақтастыққа және ғылыми әзірлемелердің практикалық нәтижесіне басымдық беріледі. Кафедралар үшін Q1-Q3 деңгейіндегі жариялану мдар үлесін 70 пайызға жеткізу, оның кемінде 30 пайызын халықаралық бірлескен зерттеулер нәтижесінде жариялау көзделген. Сонымен қатар гранттық қаржыландыру тарту, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру, шетелдік патенттер алу және докторанттарды даярлау нәтижелілігі ескерілед і.

Ғылыми кеңес отырысының қорытындысы бойынша Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев 2026-2027 оқу жылына арналған негізгі міндеттерді айқындап, факультет деканд арына және құрылым басшыларына университеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, заманауи университеттік ортаны дамытуға бағытталған жол картасын жасауды тапсырды.

Гүл ҚҰТТЫБЕККЫЗЫ



Зерттеу орталықтарымен танысты

«Almaty Invest» инвестицияларды тарту орталығының басқарма төрағасы Қайрат Бекенов Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде болып, оқу орнының ғылыми орталықтарын аралады.

Құрметті қонақты университеттің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қарсы алып, заманауи зертханалар мен орталықтардың жұмыс нәтижелерін таныстырды.

Алдымен Қайрат Бекенов Farabi Hub инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығына барды. Қазіргі таңда мұнда түрлі бағыттағы зертханалар мен шетелдік компаниялардың бөлімшелері орналасқан. Аумағы 5000 шаршы метрді құрайтын орталық ғылыми әзірлемелер мен технологиялық идеяларды нақты экономикаға енгізуді жеделдетуге көмектеседі.

Сондай-ақ Қайрат Әскербекұлына университеттің робототехника саласы бойынша жеткен жетістіктері туралы мәлімет берілді. Бүгінде ҚазҰУ базасында Германияның Kuka және Қытайдың Huibo роботтары қойылған орталықтар табысты жұмыс істеуде.

Сапар аясында құрметті қонақ Суперкомпьютер және Қашықтықтан зондтау орталығының қызметімен танысты. Бұған қосымша, қытайлық әріптестермен бірлесіп әзірленіп жатқан микроспутниктің макеті таныстырылды. Бұл жоба – ғарыштық технологиялар, қашықтықтан зондтау және заманауи ғылыми зерттеулер саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың маңызды бағыттарының бірі.

Жансейіт Түймебаев университеттің ғылыми әлеуетін арттырумен қатар, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруға және отандық өндірістің технологиялық дамуына үлес қосуға ерекше мән берілетінін жеткізді.

Өз кезегінде Қайрат Бекенов университет пен инвестициялық институттар арасындағы өзара байланысты одан әрі нығайтудың маңыздылығына тоқталды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Ректор бірінші курс студенттерімен кездесті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев жаңа оқу жылының басталуына орай студенттермен кездесу өткізді.





Жүздесуде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жасанды интеллектіні дамыту, цифрлық технологияларды кеңінен енгізу және Қазақстанды заманауи цифрлық мемлекетке айналдыру бағытында берген тапсырмасы аясында ҚазҰУ-да атқарылған жұмыстардың нәтижесін таныстырып, алдағы жоспарымен бөлісті. Сондай-ақ жолдаудағы жастарға арналған тапсырмалардың орындалуы жөнінде ақпарат берді.

Іс-шараға бірінші курс студенттері, «Алтын белгі» иегерлері, халықаралық олимпиадалар мен жарыстардың жеңімпаздары, қоғамдық шараларға белсенді араласып жүрген жастар қатысты. Бүгінде қара шаңырақ Қазақ ұлттық университетінде 30 мыңға жуық студент білім алады. 2026-2027 жаңа оқу жылында оқу орны құрамына барлығы 8117 білім алушы қосылды. Олардың қатарында 674 «Алтын белгі» иегері мен республикалық және халықаралық жарыстардың жеңімпаздары бар.

Университет басшысы білім алушы жастарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Жансейіт Түймебаев өз сөзінде қазіргі кезеңде жоғары білім беру жүйесінің алдында жаңа міндеттер тұрғанын атап өтті.

«Біз үшін ең басты құндылық – студент. Сондықтан цифрлық өзгерістер ең алдымен жастардың сапалы білім алуына, ғылыми ізденісіне және кәсіби дамуына қызмет етуі керек. ҚазҰУ студенттері еліміздің цифрлық экономикасын қалыптастыратын жаңа буын мамандары болуы тиіс», – деді ректор.

Кездесуде жастардың азаматтық жауапкершілігі мен қоғамдық мәдениеті де назардан тыс қалмады. Ректор қазіргі кезеңде заң мен тәртіпті сақтау, қоғамдық ортадағы әдеп нормаларын ұстану, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету әрбір студенттің күнделікті өмір салтына айналуы тиіс екенін жеткізді.

Сонымен қатар университет басшысы студенттерді салауатты өмір салтын ұстануға, дұрыс тамақтануға, спортпен тұрақты айналысуға және зиянды әдеттерден аулақ болуға шақырды. Университет аумағының тазалығы мен жасыл желекті сақтау да әрбір жастың ортақ жауапкершілігі екені айтылды.

Бұған қосымша, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру мен жастардың интеллектуалдық деңгейін арттыру мәселесіне де ерекше мән берілді. Жансейіт Қансейітұлы Мемлекет басшысы ұсынған ұлттық әдебиеттің таңдаулы шығармаларын оқудың маңызына тоқталып, студенттер арасында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру қажеттігін айтты.

Жүздесу соңында Жансейіт Түймебаев студенттердің жаңа идеялары мен бастамалары университеттің нығаюына маңызды рөл атқаратынын атап өтіп, жастарды ғылымға, инновацияға және елдің цифрлық дамуына белсенді үлес қосуға үндеді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасы – Ректоры,
ҚР Президенті жанындағы ҰҒА академигі

Түркі дүниесінің интеллектуалдық мақтанышы

Тарих тасқынынан аман өтіп, адамзат өркениетінің ортақ қазынасына айналған дара тұлғалар болады. Олар белгілі бір ұлттың шеңберімен шектелмей, ғаламдық ой-сананың көкжиегін кеңейтеді. Солардың шоқтығы биігі – Әбу Насыр әл-Фараби. Түркі топырағынан түлеп ұшып, Шығыс пен Батыс мәдениетін тоғыстырған кемеңгердің мұрасын зерделеу – біз үшін ғылыми парыз әрі биік рухани жауапкершілік.

Әл-Фараби тек ортағасырлық философ немесе энциклопедист-ғалым емес. Ол – түркі дүниесінің интеллектуалдық қуатын әлемге танытқан тұлға, өркениеттер сұхбатының симболы, адамзат ақыл-ойының биік шыңы. Оның трактаттарынан бір ғана дәуірдің емес, мәңгілік ізденістің лебі сезіледі. Ойшыл ғылымды да, музыканы да, логика мен этиканы да біртұтас үйлесімде қарастырды. Бұл – бөлшектенген білімге емес, тұтастыққа ұмтылған кемеңгердің қолтаңбасы.

Түркітанушы ретінде бізді толғандыратын басты мәселе – әл-Фарабидің түркілік болмысы мен оның дүниетанымы арасындағы сабақтастық. Біз көбіне оны араб тілінде жазған философ ретінде қабылдауға бейімбіз. Алайда тіл – танымның құралы. Ал рухани тамыр әлдеқайда тереңде. Далалық мәдениетке тән кеңдік, үйлесімге ұмтылу, табиғат пен адам арасындағы үндестік идеялары оның еңбектерінің өн бойынан анық аңғарылады.

Әл-Фараби – өз заманының ғана емес, келер ұрпақтың да ұстазы. Оның «қайырымды қала» туралы ілімі – утопиялық қиял емес, адамзат қоғамының моральдық бағдаршамы. Ол парасат пен ізгілікті мемлекеттің басты тірегіне айналдырды. Бүгінгі жаһандану дәуірінде, рухани құндылықтар қайта таразыға түсіп жатқан кезеңде әл-Фараби мұрасы бұрынғыдан да өзекті. Ғұлама еңбектері өркениеттің технологиялық дамуымен қатар, адамгершілік пен парасат биігін сақтау қажеттігін еске салады.

Ғалым үшін ең маңыздысы – ұлы тұлғаны құр ұлықтау емес, оның ілімін терең түсіну. Ал түсіну арқылы өзімізді тану. Әл-Фараби мұрасына жете үңілу – түркі өркениетінің зияткерлік әлеуетін мойындау ғана емес, сол сабақтастықты жалғастыру жауапкершілігі.

1991 жылы мемлекеттік шеңберімен еліміздің бас университетіне Шығыс өркениетінің ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби есімінің берілуі Тәуелсіздік қарсаңындағы ұлттық рухани жаңғырудың тарихи көрінісі болды. Осы қадам арқылы оқу орнының ғылыми-академиялық бағыты терең тарихи тамырлармен сабақтасып, отандық білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен әлемдік ғылыми кеңістікке ену идеясы тоғысты. Әл-Фараби есімі университеттің миссиясы мен даму стратегиясының жетекші рухани бағдарына айналды.

Соңғы жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұлы ғұламаның идеяларын тек атау деңгейінде емес, мазмұндық, концептуалды тұрғыдан жаңғыртуға бағыт алып келеді. Университет қабырғасында «қайырымды қоғам», «парасатты адам», «ғылым мен ізгілік үндестігі» секілді әл-Фараби тұжырымдары заманауи білім беру моделінің темірқазығы ретінде орнықты.

Ғылым мен инновацияны ұштастыру, халықаралық академиялық кеңістікке өріс ашу, жас зерттеушілердің зияткерлік әлеуетін арттыру – осы рухани негіздің нақты нәтижесі. Университеттің зерттеу орталықтары мен ғылыми мектептері әл-Фараби іліміндегі тұтастық қағидатын басшылыққа алып, жаратылыстану мен гуманитарлық білімді өзара сабақтастыра дамытуда. Бұл – ғұламаның «білім – адамды кемелдікке жеткізетін құрал» деген ұстанымының заманауи жалғасы. Осылайша әл-Фараби мұрасы тарихи мұрағат шеңберінде қалмай, бүгінгі ғылым мен білім кеңістігінде өмір сүріп жатқан тірі идея ретінде көрініс табуда.

Ұлы ойшылдың өмір деректеріне сүйенсек, Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Ұзлағ әл-Фараби 870 жылы Фараб шаһарының Уәсидж қонысында дүниеге келген. Оның әкесі Самани әулеті билік құрған кезеңде әскери-саяси лауазым атқарған, қоғамда беделді орын иеленген тұлға болған. Мұндай ортада өскен жас Әбу Насыр ерте жастан білімге құштарлық танытып, терең діни әрі философиялық ілімдерді меңгеруге ден қойды. Алғашқы кезеңде сот ісін («қада'») жүргізу қызметін де атқарған. Дегенмен таным көкжиегін кеңейтуге деген үздіксіз ұмтылыс оны әлемдік ғылым мен өркениет орталықтарына жетелеп, адамзат ақыл-ойының шыңына көтерді.

Білім жолындағы ізденіс ғұламаны әуелі Мерв, Бұхара, Самарқан, Балх сияқты сол дәуірдің ірі ғылыми орталықтарына жетелейді. Қырық жас шамасында ол сол заманның интеллектуалдық орталығы – Бағдатқа табан тірейді. Мұнда Харран қаласында логика мен философиядан терең сабақ берген христиан ойшылы Йуханна ибн Хайлянмен жүздесіп, өз ілімін жетілдіреді. Ал Бағдатта Аристотельдің «Органонын» жетік меңгерген ұстаз Әбу Бишр Матта ибн Юнустан мантық (логика) ғылымын меңгереді. Бұл кезең ойшылдың дүниетанымының қалыптасуында шешуші рөл атқарды.



Бағдатта жүріп атақты филолог Ибн Сарраджбен танысып, араб тілінің грамматикасы мен семантикасын терең меңгереді. Деректерде Ибн Сарраджының, керісінше, әл-Фарабиден логика сабағын алғаны айтылады. Бұл жайт ғұламаның Бағдатқа келгенге дейін-ақ араб тілін еркін меңгергенін, ал кейін оны ғылыми-теориялық деңгейде кемеліне жеткізгенін көрсетеді.

941 жылы Бағдаттағы саяси тұрақсыздыққа байланысты әл-Фараби Шам аймағына (Дамаск) қоныс аударып, ондағы әмір Сайф әд-Дәуланың сарайына келеді. Тарихшы Ибн Халликанның еңбектерінде ғұламаның сарайға алғаш келуі мен оның тұлғалық болмысын, таңғажайып зердесін танытатын маңызды оқиға баяндалады.

Сарайға кірген ойшылды сынамақ болған әмір оған орын ұсынғанда, ғұлама: «Өз орнымда отырайын ба, әлде сіздің жаныңызға барайын ба?» деп сауал қояды. Әмір: «Қай жер ыңғайлы болса, сонда жайғас», – дегенде, әл-Фараби бірден әмірдің жанына отырады. Бұл оның өз интеллектуалдық деңгейін анық сезінген батыл ұстанымы еді. Осы сәтте әмір оққағарларына тек сарай қызметкерлеріне ғана түсінікті сирек тілде: «Егер бұл қонақ қойылатын күрделі сұрақтарға жауап бере алмаса, сарайдан шығарылсын», – деп бұйрық береді. Алайда әл-Фараби солардың өз тілінде мүдірмей жауап қайырып, әмірдің шешімін кейінге қалдыруды өтінеді. Бұл жайт ғұламаның сирек кездесетін полиглоттық қабілетін айғақтайды. Деректерде оның жетпістен астам тіл мен диалектіні меңгергені айтылады.

Пікірталас барысында қойылған барлық ғылыми сауалдарға мүдірмей жауап берген ойшыл терең философиялық пайымдарын ағыл-тегіл тарқатады. Тіпті оны сынауға келген сарай ғалымдары мен уәзірлері ғұламаның сөздерін қағазға түсіріп алуға мәжбүр болады. Жиын соңында сарайда музыка шырқалғанда, бұл өнердің теориясын жетік меңгерген әл-Фараби орындалған әуендердің сазына көңілі толмай, өзімен бірге алып жүрген аспабын қолға алады. Ол шерткен әуендер жиналғандарды бірде шаттыққа бөлеп, бірде мұңға батырып, соңында балбыраған ұйқыға кетіреді. Бұл оқиға әл-Фарабидің тек энциклопедияшы-философ қана емес, сонымен бірге музыка теориясын терең зерттеп, оның адам психологиясына әсерін ғылыми әрі орындаушылық тұрғыдан дәлелдеген бірегей феномен болғанын көрсетеді.

Ұлы мұраның халық жадында сақталып, көркем әдебиетте көрініс табуы заңдылық. Көрнекті ақын Мағжан Жұмабаев өзінің «Түркістан» поэмасында:

«Түріктің кім кеміткен музыкасын,
Фараби тоғыз ішекті домбырасын
Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,
Жұбанып, кім тыймаған көздің жасын?!» –

деп жырлап, ғұламаның музыкалық кемеңгерлігі мен далалық рухтың тереңдігін айшықты бейнелейді.

Шамда әмірдің қолдауына ие болғанына қарамастан, әл-Фараби тақуалылық пен қарапайым өмір салтын ұстанды. Күндіз бағбандықпен, түнде қарауыл қызметін атқара жүріп, кітап оқудан ажырамаған. Күнделікті қажеттілігін 4 дирхаммен ғана шектеп, дүние-мүлік жинамауы оның рухани кемелдікті бәрінен жоғары қойғанын білдіреді. 950 жылы Дамаскіде 80 жасында дүниеден өткен ғұламаны ақтық сапарға шығарып салуға әмір Сайф әд-Дәула бастаған сол дәуірдің ең беделді тұлғалары қатысады.

Библиограф Ибн Әби Усайбианың жазбаларында Аристотельдің «Китаб ән-нафс» («Жан туралы») еңбегінің қолжазбасында әл-Фарабидің «Бұл кітапты жүз мәрте оқыдым» деген, ал «Әс-Сама' әт-табиғи» («Физика») кітабына «Қырық рет оқысам да, қайта оралу қажеттігін сезінемін» деген қолтаңбалары сақталғаны айтылады. Бұл – білімге деген шексіз адалдықтың көрінісі. «Аристотельмен салыстырғанда қайсыңыз озықсыз?» – деген сауалға: «Егер мен оның дәуірінде өмір сүрсем, ең алдыңғы шәкірті болар едім», – деп жауап беруі оның ұстазға деген құрметі мен академиялық әдебін танытады.

Әл-Фараби философия, логика, саясаттану, этика, музыка теориясы салаларында бай мұра қалдырды. Оның «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Ғылымдар классификациясы», «Бақытқа жету туралы», «Ақыл жайында», «Әріптер кітабы» сияқты еңбектері әлемдік ғылым жауһарына айналды. Аристотель мұрасын жүйелеп, дамытқаны үшін ол адамзат тарихында «Әл-Муаллим әс-Сани» – «Екінші ұстаз» деген мәртебелі атаққа ие болды.

Француз философы Этьен Жильсон атап өткендей, әл-Кинди, әл-Фараби және Ибн Сина сияқты Шығыс ойшылдарының еңбектерінсіз Батыс Еуропа схоластикасының өкілдері Фома Аквинский мен Дунс Скот ілімдерін толық түсіну мүмкін емес. Ислам философиясы антикалық мұраны сақтап қана қоймай, оны жаңа мазмұнмен байытып, Еуропалық қайта өрлеу (Ренессанс) дәуірінің рухани алғышарттарын қалыптастырды. Әл-Фараби идеялары антикалық философия мен еуропалық теология арасындағы зияткерлік көпір қызметін атқарды.

Осы тұрғыдан алғанда, әл-Фараби бастаған Шығыс ойшылдарының мұрасы – тар аймақтық құбылыс емес, ғаламдық ой-сана эволюциясының ажырамас бөлігі. Демек, Әбу Насыр әл-Фараби – түркі дүниесінің интеллектуалдық мақтанышы әрі өркениеттерді тоғыстырған ортақ рухани қазына. Түркі әлемінің бет бұрар Хантәңірідей биік тұлғасы ретінде әл-Фарабидің ғылым сәулесі уақыт өткен сайын жарқырай бермек.

IT-мамандарының ардагер-ұстазы



Өмірзақ Сұлтанғазин С.Киров атындағы ҚазМУ-дың механика-математика факультетінің 1959 жылғы түлегі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР Ұлттық ҒА академигі, ҰҒА вице-президенті. ҚР ҰҒА Ғарыштық зерттеулер институтының директоры. Өмірзақ Махмұтұлы математикалық физика есептерін шешудің сандық әдістері саласының маманы.

Қазан айында академик Өмірзақ Сұлтанғазиннің туғанына 90 жыл толады. Осыған орай, қайраткер тұлғаның қара шаңырағымыз ҚазҰУ-дың дамуына қосқан ерекше еңбегін атап өткім келді.

Көрнекті ғалым Өмірзақ Махмұтұлы Қостанай облысының Урицкий ауданы Қара-Оба ауылында дүниеге келген. Қара-Оба орта мектебін 1953 жылы аяқтаған. Ол Новосибирск академиясында академик Г.Марчуктың жетекшілігімен есептеу математикасы бойынша күрделі мектептен өтіп, кандидаттық және докторлық диссертацияларын қорғады. Еліміздегі есептеу математикасы саласындағы көптеген жетістіктер Ө.Сұлтанғазин есімімен тікелей байланысты. Академик Ө.Сұлтанғазиннің еліміздегі көшбасшы оқу ордасы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға көп еңбегі сіңді. Атап айтқанда С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің механика-математика факультетінде кафедра меңгерушісі бола жүріп, елімізге қажетті маман-кадр даярлауға ерекше көңіл бөлді. Соның бір айғағы – 2001 жылдың қарашасында Есептеу математикасы кафедрасының негізінде Информатика кафедрасы ұйымдастырылды.

Информатика кафедрасының бакалавриат деңгейінде мынадай оқу бағыттары қолға алынды: Алгоритмдер теориясы және бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу; Параллельді есептеулерді ұйымдастыру; Web-технологиялар; Мәліметтер қоры теориясы; Компьютерлік жүйелер мен желілердің ақпараттық қауіпсіздігі; Әлеуметтік салаға арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу; Технологиялық тапсырмаларды орындау үшін жабдықпен байланысы бар бағдарламалық қамтамасыз етуді құру. Тарихи шежіресі 2001 жылдан бастау алған кафедра көп жылдар бойы заманауи IT бағыттары бойынша бакалаврлар мен магистрларды дайындап келеді. Ол да «факультет атасы» Өмірзақ Сұлтанғазин ұстаздың зор еңбегінің бір көрінісі.

Кафедра құрамында ЭЕМ-электрондық есептеуіш машиналар зертханасы ашылды. Зертханада заман талабына сай келешек программистер даярланды. ЭЕМ-электрондық есептеуіш машиналар заман талабына сай өзгере бастады: алдымен Урал-1, Урал-11 бір және екі адресті машиналар келді. Одан кейін БЭСМ-6 үш адресті, сосын ЕС-1020; ЕС-1022 т.с.с., дербес компьютерлер, сөйтіп, бүгінгі күнге жеттік. Қазіргі ақпараттық технологиялар қалай жедел қарқынмен дамып жатқанын көріп отырсыздар.

2018 жылы жаңа ақпараттық технологиялар факультеті ашылып, оның құрамына Информатика кафедрасы кірді. Осы жетістіктердің нәтижесінде университетте ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультеті құрылды. Факультеттің белді кафедрасы – Компьютерлік ғылымдар кафедрасы ашылды. Компьютерлік ғылымдар кафедрасының білім беру бағдарламалары бакалавриат, магистратура, PhD (докторантура) мамандарын даярлайды.

Бүгінгі таңда өзіндік тарихы бар Компьютерлік ғылымдар кафедрасының жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрлары, оқытушылары мен түлектері қазіргі әлемдегі IT-технологияларды дамытуға өлшеусіз үлес қосуда.

Барлық мамандықтарда жасанды интеллект бойынша курстар өтеді. Атап айтқанда: машиналық оқыту, терең оқыту, бекітумен оқыту, нейрондық желілер, тілді өңдеу және осы пәндердің түрлі деңгейдегі озық түрлері. Компьютерлік ғылымдар кафедрасында «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні университеттің барлық факультеттерінде үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) оқытылады. Олар: киберқауіпсіздік, бұлтты және мобильді технологиялар, Smart технологиялар, Е-технологиялар, жасанды интеллект негіздері: генеративті модельдерден – пәнаралық қолдануға дейін. Кафедрада ғылыми жұмыстармен айналысатын зертханалар жұмыс істейді. Оған Компьютерлік ғылымдар зертханасы, Жасанды интеллект және робототехника зертханасы, Бағдарламалық қамтамасыз ету зертханасы, Ақпараттық технологиялар және дизайн студенттер зертханасы, Зияткерлік бағдарламаланатын жүйелер зертханасы кіреді. Бұл зертханаларда түрлі ғылыми жобалар іске асырылып жатыр. Атап айтқанда «Жасанды интеллект қолдану арқылы Қазақстандағы әйелдер сүт безі обырын ерте анықтау», «Мұнай өндіруді болжау мәселесін шешу үшін машиналық оқыту әдістерін қолдану», «Мұнайды ығыстыру мәселелерін шешуге арналған параллель физикалық-ақпараттандырылған нейрондық желілер», «Бүйрек трансплантациясына қатысты деректерді өңдеу және талдау үшін жасанды интеллект пайдаланатын интеллектуалды бағдарламалық модуль үшін алгоритмдік механизмді әзірлеу», «Суперкомпьютер ресурстарын қолдана отырып, биоинформатика және кванттық есептеулер мәселелерін шешуді автоматтандырудың интеллектуалды есептеу моделін құру». «Медициналық кескіндерді интерпретацияланатын талдау үшін терең нейрондық желілердің біріктірілген модельдерін құру» жобалары орындалуда.

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану соңғы уақытта білім беру жүйесінде маңызды бағыттардың бірі болып саналады. Осы жетістіктердің бәріне академик Өмірзақ Сұлтанғазиннің қосқан үлесі өте зор.

Жасыратыны жоқ, бүгінгі жас буын өткен шежірелі тарихты біле бермейді. Құрылған әр факультеттің, тіпті әр кафедраның артында белгілі тұлғалар мен олардың шәкірттерінің зор еңбегі мен маңдай тері жатыр. Кейінгі ұрпақ осыны біле жүрсін, ұмытпасын деген ниетпен қолыма қалам алдым.

Тиыштық ХАКИМОВА,
Компьютерлік ғылымдар кафедрасының доценті

Елімізде Қазақстан халқы тілдері күні ерекше аталып өтеді. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл», – деп ұлағатты сөз қалдырған қазақ тілі әліппесінің атасы, Алаш арысы, қазақ мәдениетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен тұспа-тұс келіп, ұлттық руханият пен тілдің қадірін айқындай түседі.

Рухани мереке



Әр халықтың тілі – оның тарихы мен мәдениетінің айнасы. Тіл арқылы ұрпақтар сабақтастығы сақталып, дәстүр жалғасады. Қазақ тілі – біздің мемлекетіміздің мемлекеттік тілі, ұлттың айбыны мен мерейі.

Шын мәнінде Тілдер мерекесі – Қазақстанда тұратын барлық этнос өкілдерінің ана тіліне құрмет көрсететін ортақ мейрам. Елімізде түрлі ұлттар мен ұлыстар өмір сүреді. Олардың әрқайсысының ана тілінің басқа халықтар тіліне қатысты тағдыры бар. Тіл арқылы адамдар бір-бірін танып-біле алады және кез келген халықтың рухани мәдениеті, дәстүрлері, салт-тарымен танысу үшін де тілге жүгінеді.

Осы мерекеге орай, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының оқытушылары Қытай, Корея, Жапония, Түркия және басқа да елдерден келген шетелдік студенттерге жыл сайын Қазақстан халқының тілдері күні мерекесі аясында іс-шаралар өткізеді.



Кафедраның оқытушылары бұл мереке жайында, тілдің мәні туралы, ұлты үшін аянбай қызмет етіп қоймай, жастарды ұлттық дүниетаным негізінде оқыту, ана тілін дамыту, осы ретте қазақ даласында оқу орындарын ашу жолында үлкен еңбек сіңірген, өзінің барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп ағартушылық ісіне арнаған, ауыл мектептерінде, семинарияларда бала оқытып, оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында көп ізденген ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы туралы шетелдік студенттерге түсіндіріп, бейнежазбалар, танымдық тапсырмалар, тілдің құдіреттілігіне байланысты музыкалық шығармалар ұсынады.

Бұл іс-шаралардың жалпы мақсаты – шетелдік студенттердің мемлекеттік тілді және басқа да тілдерді үйренуіне, тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейтуге, тіл байлығын дамытуға байланысты қолдау көрсету, ынталандыру, тіл туралы білімін жандандыру және кеңейту, тілдерге сүйіспеншілік пен қызығушылықты, төзімділік, достық пен өзара түсінушілікті тәрбиелеу.

«Халықтың мәңгі ғұмыры – оның тілінде. Әрбір тіл өз халқы үшін – ұлы», – деп Шыңғыс Айтматов айтқандай, әр адам өзінің ана тілін қорғай да, құрметтей де білуге міндетті. Тілдің құдіретін сезіну, тазалығын сақтау, құрметін еселеу елдегі әрбір адамның алдында тұрған парызы. Тілі шұрайлы ана тіліміздің мерейі әрқашан үстем болсын.

Айгүл СӘДЕНОВА,
филология ғылымының докторы, қауымдастырылған профессор

Ұлттық тілдердің ғылымдағы рөлі қандай болмақ?

Қазақстан жаһандық ғылым мен білім кеңістігіне ену мақсатын көздеп отыр. Осы мақсатта еліміздің жоғары мектебі британдық кәсіпкер Нунцио Квакварелли негізін қалаған QS әлемдік университеттер рейтингінде неғұрлым жоғары сатыға көтерілуге ұмтылуда.

Жалпы, университеттердің халықаралық рейтингін жасау қажеттілігі 2003 жылдың желтоқсанынан бастап Еуропада қолға алынды. Рейтинг академиялық бедел, жұмыс берушінің беделі, зерттеудің әсері және халықаралық деңгейге шығу сияқты бірқатар факторларды ескеретін әдіснамаға негізделген. Рейтингті есептеу әдіснамасына қатысты орынды сындар айтылғанына қарамастан (мәселен, сырттай баға беруші респондент өз оқу орнынан тыс басқа мекемелердегі оқыту мен зерттеу туралы шынайы ахуалды терең білмеуі, тек ағылшын тіліндегі дәйексөздер базасын пайдалану), ол бүгінгі таңда университеттердің жаһандық мәртебесін бағалайтын мықты құралға айналып отыр. Болашақ студенттер үшін де әлемдегі ең үздік жоғары оқу орындары туралы салыстырмалы тұрғыда ақпарат пен бағдар алу маңызды. Ал бірлескен жобалар жасау мен ғылыми ынтымақтастық үшін шетелдік ғалымдар Scopus немесе Web of Science басылымдары арқылы Қазақстаннан әріптестерін табады. Беделді дерекқорларда мақалаларды жариялау интеграцияның негізгі құралы болуда. Оларсыз ұлттық ғылым инвесторлар мен әріптестер үшін беймәлім болып қала береді. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі отандық университеттердің халықаралық деңгейде танылуын кеңейту бойынша арнайы жұмыстар жүргізуде. Бұл әрекеттер қазақстандық ғалымдар зерттеулерінің халықаралық сарапшылық ортада көрінуін арттыру үшін өте маңызды. Алайда осындай тренд жағдайында жергілікті ұлттық тілдердің рөлі мен болашағы қандай болмақ деген сауал туындайды.

Әлемдік ғылымда лингвистикалық жағдай қандай десек, ағылшын тілі халықаралық ғылымның негізгі ортақ тіліне (lingua franca – лингва франкаға) айналды. Оның үстемділігін сөзсіз мойындаймыз. Scopus-та индекстелген ғылыми жарияланымдарға жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, ағылшын тілінің үлесі шамамен 90,6 пайыз, қытай тілінің үлесі 5 пайыз, неміс тілінің үлесі 1,1 пайыз болған екен. Кейбір зерттеулердегі көрсеткіштердің айырмашылығы деректер базалары мен есептеу әдістерінің әртүрлі болуына байланысты. Де-факто, ағылшын тілі – халықаралық ғылыми жарияланымдардың, коммуникацияның және әлемдік ғылымға кірігудің тілі.

Мысалы, ғылыми қауымдастыққа белгілі PubMed сияқты ғылыми мерзімді басылымдардың деректер қорына қатысты статистиканы қарайықшы. PubMed – ашық қолжетімді, тегін дерекқор, оған негізінен өмір туралы ғылымдар мен биомедициналық тақырыптар бойынша сілтемелер мен рефераттардың MEDLINE дерекқоры кіреді. Дерекқордың 2023 жылдың желтоқсанына дейінгі күллі жұмыс істеу кезеңінде:

- Ағылшын тілі – 31,7 миллион;
- Неміс тілі – 905 000;
- Француз тілі – 769 000;
- Орыс тілі – 704 000;
- Жапон тілі – 436 000;
- Испан тілі – 384 000;
- Қытай тілінде – 363 000 жарияланым болды.

Бұл тіпті испан, орыс, қытай және жапон тілдері сияқты ірі тілдердің халықаралық медициналық әдебиетте ағылшын тіліне қарағанда айтарлықтай аз екенін көрсетеді. Алайда бұл дегеніміз жоғарыдағы тілдерде ғылыми өнім аз өндіріледі дегенді білдірмейді. Ол тек халықаралық дерекқорлар негізінен ағылшын тіліндегі журналдарды анағұрлым молырақ қамтитынын байқатады. Орыс, француз, қытай немесе жапон тілдеріндегі мақала өте сапалы зерттеу болуы мүмкін. Бірақ оны шетелдік ғалымдардың әлдеқайда аз бөлігі оқуы ықтимал. Бұл:

– дәйексөз алу көрсеткішіне;

– халықаралық ынтымақтастыққа;

– халықаралық деректер базаларына енуге;

– жаһандық ғылыми пікірталастарға қатысуға;

– академиялық мансапқа;

– халықаралық қаржыландыруға әсер етуі мүмкін.

Ал қазақ, қырғыз, түркімен, моңғол және басқа да шағын тілдер үшін жағдай тіптен күрделірек. Бұл тілдегі зерттеулерді енді ешкім қажетсінбеуі де мүмкін. Егер ұлттық тілде ғылыми өнім жасау әлсіздеу және қолдаусыз қалса, мынадай жағдай туындайды: мейлінше аз зерттеулер жүргізіледі, тиісінше аз терминология → аз оқулықтар→аз мамандар→аз зерттеулер→одан да аз ғылыми әдебиет. Сөйтіп, тұйық шеңбер орын алады. Бұдан қалай шығамыз?

Зерттеушілер екі шеткері позиция барын айтады: бірінші ұстаным бойынша, ағылшын тілі ғылымды сапалы етеді, сондықтан жоғары мектеп біржолата тек ағылшын тіліне көшуі қажет. Оны көбіне көптілді мамандар мен топ-менеджерлер жақтайды. Психологтардың зерттеуі көрсеткендей, көп тілді меңгерген адамның тілдік санасы ана тілде ойлап жазатын адамға қарағанда өзгешерек. Полиглот тұлға үшін қазақ тілінің тағдыры маңызды емес. Ол өзінің өткірлігін, өзектілігін жоғалтады. Тілдік фактор академиялық мансабына еш кедергі емес, қайта артықшылық береді. Екінші ұстанымдағылар үшін білім беру және ұлттық ғылыми өнім негізінен ұлттық тілде болуы керек. Мұны көбіне ана тілінде білім алып, өз тілін жетік білетін мамандар және зиялы қауым өкілдері ұстанады. Мұндай позиция ғылымға деген ішкі қолжетімділікті сақтауға мүмкіндік береді, бірақ зерттеушілерді әлемдік ғылымның маңызды бөлігінен оқшаулау қаупі бар. Бұл жерде жергілікті тілдің ұлттық ғылыми жүйе ішіндегі рөлі мен оның халықаралық ғылымдағы рөлін ажырату маңызды. Сондықтан ең оңтайлы модель ретінде қазақстандық билік алғашында үштілді үлгіні ұсынды: қазақ тілі ұлттық ғылыми білім беру жүйесінде қалады және мәдени бірегейлік пен субъектілік нышаны; орыс тілі аймақтық және посткеңестік ғылыми коммуникация тілі; ағылшын тілі жаһандық ғылыми коммуникация тілі. Әр тілдің өз функциясы болады. Бірақ іс жүзінде қандай лингвистикалық жағдай орын алып отырғаны жеке зерттеуді талап етеді. Сырттай байқауымша, қазақтілділердің көңіл күйлері, өзінөзі бағалауы жоғары деуге еш келмейді. Бұл жерде үш тілдің теңгерімі (балансы) қалай болмақ, яғни олардың тең қолданылуы мүмкін бе деген мәселе туындайды. Де-факто, қазақ тілі мәртебесі әлемдік және аймақтық тілдерден әлдеқайда төмен.

Елдер	Ұлттық ғылымдағы тіл	Статистика нені көрсетеді?
